

**Заңды тұлғалар - Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) Ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі басқармасының 2007 жылғы 2 шілдедегі N 02-02/158a Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 28 шілдеде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4834 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2013 № 62 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы", "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" және "Идентификациялық нөмірлердің ұлттық реестрлері туралы" Заңдарын жүзеге асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Заңды тұлғалар - Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын тіркеу (қайта тіркеу) Ережесі бекітілсін.

2. "Заңды тұлғалар - Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) Ережесін бекіту туралы" Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының 2006 жылғы 13 қыркүйектегі N 11 Бұйрығының (N 264 2006 жылдың 27 қазанында "Егемен Қазақстан" газетінде, N 238 2006 жылдың 28 қазанында "Казахстанская правда" газетінде жарияланған, нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде N 4416 тіркелген) күші жойылды деп саналсын.

3. Бизнес-идентификациялық нөмірдің 2007 жылдың 13 тамызында берілетіні анықталсын.

4. Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің (әрі қарай-Агенттік) тіркеу Департаментіне:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуіне шаралар қолданылсын;
- 2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он күндік мерзім ішінде Агенттіктің, Алматы қаласының әділет және статистика органдарының, Қазақстан

Республикасының қаржы рыногын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттіктің және "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің мүдделі бөлімшелерінің назарына жеткізілсін.

5. Агенттіктің Даму департаментіне осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы қамтамасыз етілсін.

6. Осы бұйрық ресми жарияланғанынан он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Д.Қ. Нұрпейісовке жүктелсін.

Қазақстан Республикасы Алматы

қаласының өңірлік қаржы

орталығының қызметін реттеу

Агенттігінің Төрағасы

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Әділет министрі

2007 жылғы 2 шілде

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Статистикасы жөніндегі

Агенттігінің төрағасы

2007 жылғы 3 шілде

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің

Салық комитетінің төрағасы

2007 жылғы 4 шілде

Қазақстан Республикасы  
Алматы қаласының өңірлік қаржы  
орталығының қызметін реттеу  
агенттігі Төрағасының  
2007 жылғы 2 шілдедегі  
N 02-02/158 бұйрығымен  
БЕКІТІЛДІ

**Заңды тұлғаларды - Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)**

**Ережесі**

Ескерту. Бүкіл мәтіні бойынша "Мемлекеттік регистріне", "Реестрін (бұдан әрі - Реестр)", "Реестрін", "Реестрді", "Реестріне", "Реестрден", "Реестрге" және "

Мемлекеттік Реестрге", "біртұтас мемлекеттік заңды тұлғалардың Тіркеліміне", "біртұтас мемлекеттік регистрден", "біртұтас мемлекеттік Регистріне", "біртұтас мемлекеттік заңды тұлғалардың Тіркеліміне" деген сөздері "мемлекеттік тіркеліміне", "тізілімін (бұдан әрі - Тізілім)", "Тізілімін", "Тізілімді", "Тізіліміне", "Тізілімнен", "Тізілімге" және "мемлекеттік тіркелімге", "заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркеліміне", "бірыңғай мемлекеттік тіркелімнен", "бірыңғай мемлекеттік тіркеліміне", "заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркеліміне" деген сөздерімен ауыстырылды - ҚР Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі төрағасының 2010.02.23 N 04.2-40/44 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің (бұдан әрі - тіркеуші орган) құрылатын, қайта құрылатын және таратылатын заңды тұлғаларды - Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы қатысушыларын (бұдан әрі - қаржы орталығы) мемлекеттік тіркеу бойынша әрекетін реттейді.

2. Мемлекеттік тіркеуден өткізу қаржы орталығы қатысушысы болғысы келетін субъектілерге заңды тұлға мәртебесін беру тәсілі болып табылады. Қаржы орталығының қатысушысы ретінде мемлекеттік тіркеуден негізгі қызмет түрлері делдал және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру болып табылатын заңды тұлғалар өткізіледі.

Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден өтуінің негізгі шарты - Алматы қаласы территориясында заңды тұлғаның тұрақты қызмет істейтін органының болуы.

Қаржы орталығының қатысушылары "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес ұйымдастырушылық-құқықтық нысанда құрылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу Агенттігі Төрағасының 2008.01.25 N 02-02/12 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

3. Заңды тұлға туралы деректерді заңды тұлғалардың бірыңғай Мемлекеттік регистріне енгізу және Бизнес-Идентификациялық Нөмір (бұдан әрі - БИН) берумен ұласатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік субъектінің заңды тұлға құқықтарын иемденгенінің ресми айғағы болып табылады.

4. Тіркеуші органның заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуі:

заңды тұлғаны құру, қайта ұйымдастыру және тоқтату фактісін растау;

Қаржы орталығы қатысушылары мемлекеттік тізілімін (бұдан әрі - Тізілім) жүргізу арқылы құрылған, қайта құрылған және жұмысын тоқтатқан заңды тұлғаларды тіркеу;

қаржы орталығының қатысушылары туралы ақпаратты (қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты қоспағанда) монополияға қарсы орган белгілеген тарифтер бойынша өткізу мақсатында іске асырылады.

5. Тіркеуші орган құрылған, қайта құрылған және таратылатын қаржы орталығының заңды тұлғалары-қатысушылары туралы мәліметтерді құрамына енгізетін Тізілімді жүргізеді.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу Агенттігі Төрағасының 2008.01.25 N 02-02/12 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.**

6. Тізілімді жүргізу тәртібі тіркеуші органның ішкі құжатымен анықталады.

## **2. Филиалдар мен өкілдіктерді мемлекеттік тіркеу мен есептік тіркеу алымы**

7. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуден, сондай-ақ оларды қайта тіркеуден өткізу үшін алымның ставкасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексімен (Салық кодексі) анықталады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі төрағасының 2010.02.23 N 04.2-40/44 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.**

## **3. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу тәртібі**

8. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құрылтай және басқа құжаттарының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкестігін тексеру, заңды тұлғаларды бірыңғай Мемлекеттік тіркелімге және Тізілімге заңды тұлғалар туралы мәліметтерді енгізу, бекітілген үлгідегі тіркеу нөмірін және мемлекеттік тіркеу куәлігін беру, және әділет органдарына өткізілген мемлекеттік тіркеу туралы хабарлама жіберуді қамтиды.

Заңды тұлғаларды тіркеу немесе қайта тіркеу үшін ұсынылатын құжаттарды тексеру кезінде тіркеуші орган орталық мемлекеттік органдармен және олардың территориялық бөлімшелерімен өзара іс-әрекет жасайды.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу Агенттігі Төрағасының**

2008.01.25 N 02-02/12 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз)

Бұйрығымен.

9. Қаржы орталығының әлеуетті қатысушысын - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін тіркеуші органға:

Белгіленген үлгідегі 2-Қосымшаға сәйкес мемлекеттік тіркеу туралы өтініш;

Осы Ереженің 1-Қосымшасына сай құрылтай және басқа да құжаттар пакеті ұсынылады.

Мемлекеттік және орыс тілінде әзірленген құрылтай құжаттары байланған және нөмірленген түрде үш данада және Қазақстан Республикасы заңнамасында көрсетілген тәртіпте расталатын үлгіде ұсынылады.

Заңды тұлғаның - банктің еншілес ұйымының мемлекеттік тіркелуі жағдайында, банктің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі өкілетті мемлекеттік орган ұсынған еншілес ұйым құруға рұқсаты қажет.

Өз қызметін Алматы қаласының аумағында жүзеге асыратын акцияларының (үлестерінің) елу проценттен астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және онымен аффилиирленген тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде монополияға қарсы органның алдын ала келісімі қажет.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу Агенттігі Төрағасының 2010.11.30 N 04.2-40/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т., 5-т. қараңыз) Бұйрығымен.

10. Жоғарыда көрсетілген құжаттар ұсынылғаннан кейін:

1) тіркеуші орган бір жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар пакетінің толықтығын және олардың дұрыс дайындалғанын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкестігін тексереді;

2) БИН беру үшін және заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркелімге заңды тұлға туралы ақпаратты енгізу үшін заңды тұлғалардың Мемлекеттік мәліметтер базасының байланыс арналары арқылы электрондық хабарлау даярлайды және жібереді;

3) БИН берілгеннен кейін тіркеуші орган тіркеуші органның басшысы немесе оның орынбасары қол қоятын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы бұйрық шығарылады;

4) тіркеуші орган заңды тұлға туралы мәліметтерді біріңғай Мемлекеттік мәліметтер базасының байланыс арналары арқылы электрондық хабарлама жүзінде мемлекеттік статистика органына жібереді;

5) мемлекеттік статистика органы байланыс арналары арқылы алған электрондық хабарламаға сүйене отырып, бір жұмыс күні ішінде заңды тұлғаларға біріздендірілген сәйкестендіру және басқа жүйелі-есепті кодтарын береді; заңды тұлғалар туралы мәліметтерді бірыңғай мемлекеттік статистика

регистріне енгізеді және салық органына салық төлеушіні мемлекеттік тіркеу туралы хабарлама жібереді;

*РҚАО-ның ескертуі!*

*5-1) тармақша 2012.01.01 дейін қолданылады (5-т. қараңыз)*

5-1) тіркеуші орган тізімдеме бойынша (5-қосымша) салық органы ұсынған салық төлеушінің куәлігін алады;

6) (алып тасталды - ҚР Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі төрағасының 2010.02.23 N 04.2-40/44 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен);

7) тіркеуші орган құрылтай және басқа құжаттардың бір-бір данасы бар істі ресімдейді (сәйкес штамптар мен мөрлерді қояды) және Тізілімге тіркелген заңды тұлға туралы мәліметтерді енгізеді;

*РҚАО-ның ескертуі!*

*8) тармақшадағы кейбір сөздер 2012.01.01 дейін қолданылады (5-т. қараңыз)*

8) істі рәсімдегеннен кейін, тіркеуші орган тізімдеме бойынша (5-қосымша) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы белгіленген үлгідегі куәлігін (6-қосымша), салық төлеушінің куәлігін, сондай-ақ құрылтай құжаттарының түпнұсқаларын береді;

9) тіркеуші орган заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының үшінші данасы мен заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуі жүргізілген туралы бұйрықтың көшірмесін салық органына жібереді.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі төрағасының 2010.02.23 N 04.2-40/44 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2010.11.30 N 04.2-40/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т., 5-т. қараңыз) Бұйрықтарымен.

10-1. Заңды тұлғаны қайта құру (өзгерту, біріктіру, бөлу, бөліп шығару) кезінде мемлекеттік тіркелуге тиісті.

Ескерту. 10-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу Агенттігі Төрағасының 2008.01.25 N 02-02/12 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

10-2. Өзгерту барысында заңды тұлға түрін (ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын) өзгертеді.

Тіркеуші органға:

1) заңды тұлғаның уәкілетті органның өзгерту туралы, заңды тұлғалардың мөрімен бекітілген шешімі;

2) қайта құрылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша мирасқорлығы туралы ережелері көрсететін, заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны қайта құру туралы шешім қабылдаған орган бекіткен өткізу актісі;

3) заңды тұлғалардың уәкілетті органдарының өткізу актісін бекіту туралы шешімі;

4) қайта құрылған заңды тұлға туралы, несие берушілердің талаптарын мәлімдеу тәртібі мен мерзімі туралы ақпараттың баспасөз басылымдарында жариялануын растайтын құжат;

5) құрылтай құжаттардың, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігінің және статистикалық карточканың төлнұсқалары;

6) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуден, сондай-ақ оларды қайта тіркеуден өткізу үшін бюджетке алым төлегені туралы квитанция немесе оны растайтын құжат;

7) өзгертуге тиіс заңды тұлға мөрінің жойылуы туралы құжат табыс етілуі тиіс.

Өз әрекетін тоқтатқан (өзгерген) ұйым заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік Тіркелімінен және Тізілімнен шығарылуға тиіс, ол туралы жаңадан құрылған заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуі туралы бұйрықта көрсетіледі.

Акционерлік қоғамды өзгерткен кезде тіркеуші органға қосымша акционерлік қоғам акциялардың барлық эмиссияларының күшін жою туралы куәлік ұсынылады.

**Ескерту. 10-2-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу Агенттігі Төрағасының 2008.01.25 N 02-02/12 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2010.02.23 N 04.2-40/44 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.**

10-3. Қосылу барысында бір және бірнеше заңды тұлғалардың қызметі тоқтатылады, оның базасында мемлекеттік тіркеуге жататын бір заңды тұлға құралады.

Тіркеуші органға:

1) заңды тұлғаның уәкілетті органның қосылу туралы, заңды тұлғалардың мөрімен бекітілген шешімі;

2) қайта құрылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша мирасқорлығы туралы ережелері көрсететін, заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны қайта құру туралы шешім қабылдаған орган бекіткен өткізу актісі;

3) заңды тұлғалардың уәкілетті органдарының өткізу актісін бекіту туралы шешімі;

4) қайта құрылған заңды тұлға туралы, несие берушілерінің талаптарын мәлімдеу тәртібі мен мерзімі туралы ақпараттың баспасөз басылымдарында жариялануын растайтын құжат;

5) құрылтай құжаттардың, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігінің төлнұсқалары;

6) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуден, сондай-ақ оларды қайта тіркеуден өткізу үшін бюджетке алым төлегені туралы квитанция немесе оны растайтын құжат;

7) бірігуге жататын заңды тұлғаның мөрінің жойылғаны туралы құжат ұсынылуы тиіс.

**Ескерту. 10-3-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу Агенттігі Төрағасының 2008.01.25 N 02-02/12 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2010.02.23 N 04.2-40/44 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.**

10-4. Бөліп шығару кезінде бір заңды тұлғаның қызметі тоқтатылады, базасында екі және одан да көп заңды тұлғалар құрылады.

Тіркеуші органға:

1) заңды тұлғаның уәкілетті органның қосылу туралы, заңды тұлғалардың мөрімен бекітілген шешімі;

2) қайта құрылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша мирасқорлығы туралы ережелері көрсететін, заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны қайта құру туралы шешім қабылдаған орган бекіткен бөлу балансы;

3) заңды тұлға уәкілетті органдарының бөлу балансын бекіту туралы шешімі;

4) қайта құрылған заңды тұлға туралы, несие берушілерінің талаптарын мәлімдеу тәртібі мен мерзімі туралы ақпараттың баспасөз басылымдарында жариялануын растайтын құжат;

5) құрылтай құжаттардың, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігінің және статистикалық карточканың төлнұсқалары;

6) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуден, сондай-ақ оларды қайта тіркеуден өткізу үшін бюджетке алым төлегені туралы квитанция немесе оны растайтын құжат;

7) бөлінуге тиіс заңды тұлға мөрінің жойылуы туралы құжат ұсынылуы тиіс.

Жаңадан құрылған заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуден өтуге тиіс. Бөлінуге тиіс заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттері жаңадан пайда болған заңды тұлғаға бөліну балансына сәйкес беріледі. Өз қызметін тоқтатқан ұйымды оның қызметінің тоқтағаны туралы жазба енгізу арқылы Тізілімнен шығарылады, бұл туралы жаңадан құрылған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы бұйрықта бірден көрсетіледі.

**Ескерту. 10-4-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу Агенттігі Төрағасының 2008.01.25 N 02-02/12 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз),**

өзгерту енгізілді - 2010.02.23 N 04.2-40/44 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

10-5. Бөлініп шығару кезінде заңды тұлғаның бөлініп шығып, тіркеуші органға:

1) заңды тұлғаның уәкілетті органның қосылу туралы, заңды тұлғалардың мөрімен бекітілген шешімі;

2) қайта құрылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша мирасқорлығы туралы ережелері көрсететін, заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны қайта құру туралы шешім қабылдаған орган бекіткен бөлу балансы;

3) заңды тұлға уәкілетті органдарының бөлу балансын бекіту туралы шешімі;

4) қайта құрылған заңды тұлға туралы несие берушілерді жазбаша хабарлағанын растайтын құжат;

5) қайта құрылған заңды тұлға құрылтай құжаттарының, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігінің және статистикалық карточкасының көшірмелері;

6) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуден, сондай-ақ оларды қайта тіркеуден өткізу үшін бюджетке алым төлегені туралы квитанция немесе оны растайтын құжат.

Бұл ретте, заңды тұлғаның қызметі тоқтатылмайды.

Қайта құру (өзгерту, қосу, бөлу, бөліп шығару) нәтижесінде құрылған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу қайта құрылған заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қайта құру нәтижесінде пайда болған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді тіркеуші орган несие берушілердің осы заңды тұлғаны қайта құруға қатысатын ұйымдарға қоятын талаптарына берілген мерзімі өткен соң жасайды.

Ескерту. 10-5-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу Агенттігі Төрағасының 2008.01.25 N 02-02/12 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2010.02.23 N 04.2-40/44 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

10-6. Тіркеуші орган ұсынылған құжаттар талап етілгеннен кейін осы Ереженің 10-тармағында көзделген іс-әрекеттерді жасайды.

Ескерту. 10-6-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу Агенттігі Төрағасының 2008.01.25 N 02-02/12 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2010.02.23 N 04.2-40/44 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

#### **4. Заңды тұлғаны қайта тіркеу**

11. Заңды тұлға мынадай жағдайларда қайта тіркеуге жатады:

1) жарғылық капитал мөлшері азайғанда;

2) атауы өзгергенде;

3) шаруашылық серіктестіктеріндегі қатысушылардың (шаруашылық серіктестік қатысушылары Тізілімін жүргізу бағалы қағаздар ұстаушыларының реестрлер жүйесін жүргізу бойынша жұмыс істеуге лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы арқылы жүзеге асырылатын шаруашылық серіктестіктерін қоспағанда) құрамы өзгергенде.

Өкілетті орган шешімі қабылданған сәттен бастап бір айдың ішінде заңды тұлға тіркеуші органға қажетті құжаттар пакетімен қоса ұсына отырып, қайта тіркеу туралы арыз беруге міндетті.

Қатысушылар құрамының өзгеруі, атауының өзгеруі немесе жарғылық капиталының азаюы негізінде, заңды тұлғаның қайта тіркеуі қайта құрудың келесі жағдайларында болуы мүмкін.

Қосу барысында бір және бірнеше заңды тұлғалар таратылып, беріліс актісіне сай, қосылған заңды тұлғалардың міндеттері мен құқықтарын иемденетін бір заңды тұлғаның іріленуі жүзеге асады. Бұл жағдайда қосылған заңды тұлғалар Тізілімнен және бірыңғай мемлекеттік тіркелімнен шығарылуы тиіс, бұл туралы мемлекеттік қайта тіркеу туралы бұйрықта бірден көрсетіледі. Егер қосылу нәтижесінде заңды тұлға қайта тіркеуге тиісті болмаса, онда қосылатын заңды тұлғаның тіркелуін (қайта тіркелуін) жүзеге асырған тіркеуші орган қосылу туралы шешімі мен беру актісінің негізінде, қосылған заңды тұлғаларды Тізілімнен шығару туралы бұйрық шығарады, және олардың құрылтай құжаттарының түпнұсқасы және мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі тәркіленеді. Тіркеуші органға кредиторларды хабардар ету тәсілі, сондай-ақ заңды тұлғаның қайта құрылуы туралы хабарлама жарияланған бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылған күні мен нөмірі көрсетілген еркін түрдегі жазбаша өтініші беріледі. Тіркелімнен шығару заңды тұлғаның қызметінің тоқтатылғаны туралы жазба бойынша жүргізіледі. Бұйрықта қосылған заңды тұлғалардың және оларды қосып алған заңды тұлғаның толық атаулары көрсетілуге тиіс.

Бөліп шығару барысында бір заңды тұлғаның құрамынан бір және бірнеше заңды тұлғалар бөлініп шығады. Бұл жағдайда алғашқы заңды тұлғаның әрекеті тоқтатылмайды, ал бөлініп шыққан (жаңадан пайда болған) заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуден өтеді. Осы Ереженің 11 тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген негіздер бар болған жағдайда, алғашқы заңды тұлға қайта тіркеледі. Қайта құрылған заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттері бөлінген әрбір заңды тұлғаға бөлу балансына сәйкес беріледі.

12. Заңды тұлғаны қайта тіркеу үшін тіркеуші органға заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы 3-Қосымшада бекітілген үлгідегі арыз және 1-Қосымшада ұсынылған құжаттар тіркеуші органға жіберіледі.

13. Қайта тіркеудің негіздеріне қарай, заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес тіркеуші органға басқа құжаттарды ұсынуы тиіс. Шаруашылық серіктестігінен шығу жағдайында, шаруашылық серіктестік қатысушылары Тізілімін жүргізу бағалы қағаздар ұстаушыларының реестрлер жүйесін жүргізу бойынша жұмыс істеуге лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы арқылы жүзеге асырылатын шаруашылық серіктестіктерін қоспағанда, қатысушылар құрамының өзгеруі негіздемесі бойынша қайта тіркеу үшін, Қазақстан Республикасының заңдарына және құрылтай құжаттарына сәйкес шығып кететін қатысушының, мүліктегі (жарғылық капиталдағы) үлеске құқығы оның иелігінен шығарылғанын (басқа біреуге берілгенін) немесе басқаға ауысқанын растайтын құжат ұсынылады. Заңды тұлға қатысушылары құрамына жаңа қатысушы - заңды тұлға енген жағдайда, тіркеуші органға құрылтай құжаттарымен бірге, салық органының жаңа қатысушы - заңды тұлғаның салық борышқорлығы жоқтығы туралы анықтама беріледі.

Заңды тұлға қайта құрылғанда, тіркеуші органға қайта құрылған заңды тұлғаның міндеттері бойынша құқықтық мұрагерлік туралы ереже (мәлімет) ұсынылған бөлу балансы немесе беріліс акті жіберіледі.

14. Құжаттар ұсынылғаннан кейін тіркеуші орган:

1) пакеттің ұсынылған құжаттар пакетінің толықтығын және олардың дұрыс жасалғандығын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкестігін тексереді;

2) құрылтай және басқа құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкестігі жағдайында, тіркеуші орган басшысы немесе оның орынбасары қол қоятын мемлекеттік қайта тіркеу туралы бұйрық шығарады;

3) Тізілімге заңды тұлға туралы жаңа мәліметтерді енгізеді;

4) тіркеген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде заңды тұлғалардың біртұтас мемлекеттік тіркеліміне заңды тұлға туралы жаңа мәліметтерді енгізу және мемлекеттік статистика органына заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркегені туралы хабарлама жіберу үшін, заңды тұлғалардың Мемлекеттік мәліметтер базасы байланыс арналары арқылы электрондық хабарлама әзірлейді және жібереді;

5) заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы белгіленген үлгідегі куәлік береді (7-Қосымша).

*РҚАО-ның ескертуі!*

*6) тармақшадағы кейбір сөздер 2012.01.01 дейін қолданылады (5-т. қараңыз)*

6) істі жаңа құрылтай құжаттармен немесе бұрынғы құрылтайшы құжаттарға қосымша ретінде енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар, сондай-ақ бұрынғы куәліктің түпнұсқасымен, салық төлеушінің куәлігімен, және заңды тұлғаның басқа құжаттарымен толықтырады. Іс қалыптастырылып болғаннан кейін (тиісті мөртабандар мен мөрлер қойылғаннан кейін) құрылтай құжаттардың түпнұсқасы заңды тұлғаның өкілетті тұлғасына қайтарылады;

Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының үшінші нұсқасын және қайта тіркеу туралы бұйрықтың көшірмесін салық органына жібереді.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу Агенттігі Төрағасының 2010.02.23 N 04.2-40/44 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2010.11.30 N 04.2-40/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т., 5-т. қараңыз)**

**Бұйрықтарымен.**

15. Заңнамалық актілерінде қарастырылған негіз бойынша заңды тұлғаның қайта тіркелуінсіз құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер жарамсыз болып табылады.

## **5. Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу**

**Ескерту. 5-тарау жаңа редакцияда жазылды - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу Агенттігі Төрағасының 2010.11.30 N 04.2-40/181 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т., 5-т. қараңыз) Бұйрығымен.**

16. Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына қайта тіркелуге әкеліп соқпайтын өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сонымен қатар заңды тұлғаның бірінші басшысы ауыстырылған жағдайда, бұл жайлы бір ай мерзім ішінде тіркеуші органға хабарлайды.

17. Хабарламаға 1-Қосымшаның 3-тармағында көрсетілген құжаттар қоса беріледі.

18. Бірінші басшыны тағайындау (сайлау) туралы хабарламада тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), азаматтың жеке куәлігінің нөмірі, салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

19. Тіркеуші орган заңды тұлғаның орналасқан жері өзгерген, бірінші басшысы ауысқан немесе жаңа редакцияда жарғысы қабылданған жағдайларда:

1) тиісті бұйрық шығарады;

2) заңды тұлға туралы жаңа мәліметтерді заңды тұлғалардың Бірыңғай мемлекеттік тіркеліміне заңды тұлғалардың, филиалдардың және өкілеттіліктерді электронды регистрдің байланыс арналары арқылы электронды хабарламаны қалыптастырады және жібереді;

3) Тізілімге заңды тұлға туралы жаңа мәліметтерді енгізеді;

4) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті қайта ресімдейді және береді (заңды мекен-жайы өзгерген жағдайларда);

5) заңды тұлғаның тіркеу материалдарына бұрынғы құжаттардың түпнұсқаларын тігеді.

## **6. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің телнұсқасын беру**

Ескерту. 6-бөлім жаңа редакцияда жазылды - ҚР Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу Агенттігі Төрағасының 2010.02.23 N 04.2-40/44 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

20. 20. Заңды тұлғаның өтініші бойынша тіркеуші орган үш жұмыс күні ішінде заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің телнұсқасын береді.

20-1. Телнұсқаны алу үшін тіркеуші органға мыналар табыс етіледі:

1) осы Ереженің 9-қосымшасына сәйкес белгіленген үлгідегі өтініш;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің телнұсқасының жоғалғаны туралы ақпараттың мерзімді баспа басылымында жарияланғанын растайтын құжат;

3) заңды тұлғаларға мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің телнұсқасын бергені үшін бюджетке алым төлегені туралы квитанция немесе оны растайтын құжат.

20-2. Ұсынылған құжаттарды қарастырып болғаннан кейін тіркеуші орган:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің телнұсқасын заңды тұлғаға беру туралы бұйрық шығарады;

2) тіркеуші орган, тіркеу нөмірі, БСН (бар болғанда), тіркеу (қайта тіркеу) күні, берілген орны, заңды тұлғаның атауы мен мекен-жайы туралы мәліметтер көрсетілген бастықтың қолы және баспамен бекітілген сәйкес куәлікті ресімдейді ;

3) куәліктің бланкісінде телнұсқаны ресімдеу уақыты көрсетілген мемлекеттік және орыс тілдерінде "телнұсқа" мөртаңбасын қояды.

## **7. Заңды тұлғаны таратуды тіркеу**

21. Заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған заңды тұлғаның мүлкінің меншік иесі немесе уәкілетті орган бұл жайында тіркеуші органға бірден хабарлауға міндетті.

22. Тіркеуші орган, заңды тұлғаны тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы шешімді алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған тарату немесе қайта ұйымдастыру тәртібінің сақталуын тексереді.

